

УДК 336.71

Ш. А. Қожанай, экономика және бизнес кафедрасының магистранты

А. М. Казамбаева, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕС БАНКТІҢ ӨТІМДІЛІГІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Мақалада банктің өтімділігі мен төлем қабілеттілігінің теориялық негіздері сөз болады. Зерттеу негізінде өтімділік пен төлем қабілеттілігін арттыру шаралары, сондай-ақ коммерциялық банктердің қаржылық жағдайын жақсарту жолдары ұсынылған.

***Түйін сөздер:** өтімділік, төлем қабілеттілік, пассив, актив, капитал, міндеттеме, банк, коэффициент*

Банктің қаржылық тұрақтылығына әсер ететін шамалардың бірі бұл өтімділік пен төлем қабілеттілік. Банктің қаржылық жағдайына талдау жүргізген кезде оның өтімділігі мен төлем қабілеттілігін жете зерттеу маңызды роль атқарады. Себебі банктің өтімділігі оның сөзсіз төлем қабілеттілігін білдіреді.

Бүгінгі таңда коммерциялық банктің өтімділігін басқарудағы сенімділікті арттыру мақсатындағы банк жүйесінің даму тенденцияларына байланысты өтімділікті басқарудағы қажеттілік күннен-күнге артуда. Сол себепті де қазіргі кезде өтімділікті және оны басқаруды талдау, толық саралау өте қажетті және ең маңызды мәселе болып отыр.

Банк өтімділігі – бұл салымшылар мен қарыз берушілер алдындағы банктің өз міндеттемелерін уақытында және шығынсыз орындау қабілетін айқындайды.

Банктің нақты міндеттемелеріне біз мыналарды жатқызамыз: талап ету депозиттерін, мерзімді депозиттерін, тартылған банк аралық ресурстарын, несие берушілердің қаражаттарын. Ал баланстан тыс міндеттемелерге: банктен берген кепілхат, клиенттерге несие желілерін ашу тағы да басқалары арқылы көрсетіледі.

Банк өтімділігі көрсетілген барлық міндеттемелерді, сонымен бірге алдағы кезеңде пайда болуы мүмкін міндеттемелерді мерзімінде орындай алатынын көрсетеді. Берешектерді уақытылы орындау үшін кассадағы және корреспонденттік шоттардағы қалдықтармен көрсетілетін банктік ақшалардың барлығы; қолма-қол ақшаға жедел айнала алатын активтер. Банкаралық нарықтан немесе Орталық банктен алынатын банкаралық несиелер сияқты қаражат көздері пайдаланылады.

Негізінен «банк өтімділігі» мағынасының негізгі екі бағыттылығын айта кеткен жөн. Ұғымның біріншісіне келетін болсақ, өтімділігі арқылы банк өзінің берешек активтерін қолдану арқылы толық өтеу қабілетінен туындайды. Екінші бағыты, жеткілікті түрде кешенді сипатқа ие өткені банк өзінің міндеттемелерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз ету қабілеттілігімен өтімділікті анықтайды.

«Өтімділік» түсінігіне осы уақытқа дейін оны зерттеген ғалымдардың көзқарастарының бірнеше бағыттары қалыптасқан, оны 1-ші кестеден көруге болады.


1 кесте – «Өтімділік» ұғымы түсініктемелері мен анықтамалары

Авторлар	Түсініктемелер мен анықтамалар
А. В. Исачеваның [1, 23 б.]	Банк өзінің міндеттемелерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз ету қабілеттілігімен өтімділікті анықтайды
О. М. Маркова, Л. С. Сахарова және В. Н. Сидоров [2]	Өтімділік мазмұнын, банк қызметінің екі маңызды жағы – пассивтер мен активтерді алғандағы позицияны тізбектей дәйектейді
Энциклопедиялық сөздікте [3, 55 б.]	Өтімділік (liquidus - лат) – бұл пассив бойынша ақшалай нысанда (өтімді – тезөтетін) өзінің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ететін банк қабілеттілігі
Экономикалық сөздікте [4, 67 б.]	Банк өтімділігі дегеніміз, пассивтер мен активтер бойынша үнемі өсіп отыратын, өзінің айтарлықтай меншікті капиталы болатын ұйым
Экономикалық сөздікте [4, 6 б.]	Өтімділік (liquidity- ағыл.) – пайдалардың тек қана төлем қаражаттарына лезде өзгеруі ғана емес пайданың бастапқы құнына ешбір өзгеріссіз айналуы. Пайда өзінің нақты құнын жоғалтқанда оның өтімділігінің экономикалық мағынасы жойылады
И.Т. Балабановтың [5, 55 б.]	Өтімділік – «Шаруашылық жүргізуші ұйымның өтімділігі болып табылады – яғни оның берешегінің тез өтелу қабілеті
Н. П. Кондраков [6, 311 б.]	Өтімділік дегеніміз, материалды және өзге де құндылықтарды сату және оны материалды қаражатқа айналу қабілеттігі
А.Д. Шеремет және Р.С Сайфулин [7, 65 б.]	«Баланстың рентабелділігі ақшалай нысанға өзгеру уақыты міндеттемелерді жүргізу уақытына сай келетін активтермен ұйымның қарыздарды төлеу дәрежесі ретінде айқындалады
В.Г. Артеменко мен М.В Беллиндир [8, 386.]	«Өтімділік құндылықтың ақшаға жеңіл өзгеру қасиетін білдіреді Ұйымның өзінің активін бүкіл қажет төлемінің мерзімі шығу шамасына қарай ақша айналдыру қасиеті»
В. В. Ковалев [9, 534 б.]	«Өтімділік – қайсыбірақтивті қарастырған өндірістік технологиялық жүйе негізінде ақшалай қаражатқа өзгеруі»
Ескерту – Дерек көз: [1-9]	

Қарыз және қаржылық міндеттемелерін дер кезінде өтеу үшін банктің қолма-қол қаражаты мен басқа да өтімді активтерінің сомасы, сондай-ақ басқа да көздерден қаражатты тез жұмылдыру мүмкіндігі жеткілікті болса, ол өтімді, төлем қабілеттілігі бар деп есептеледі.

Төлем қабілеттілігі дегеніміз банктің өзінің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелері негізінде есеп жүргізу қабілеттілігі. Банк міндеттемелері – бұл банктің өзінің қарыздарын өз уақытында еш ысырапсыз өтеу міндеті. Басқаша айтқанда, банктің валюталық және есеп шоттарында нақты ақшалай қаражаттардың бар болуы.

Банк өтімділігін талдаудың келесі негізгі кезеңдері 1-ші суретте көрсетілген.



1 сурет – Банк өтімділігін талдаудың негізгі кезеңдері

Ескерту: Авторлармен орындалды

Банктің қызметін оның өтімділігі тұрғысынан талдау процесінде төмендегідей шарттар қойылады:

- нақты өтімділікті анықтау;
- өтімділіктің нормативтерге сәйкестілігін анықтау;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бекітілген өтімділік нормативтерінен нақты өтімділік нормативтер мәндерінің ауытқуына әсереткен факторларды анықтау.

Банктің төлем қабілеттілігі бар деп есептейді, егер банктің ағымды активтердің жиынтығы ағымдағы міндеттемелердің деңгейінен анағұрлым жоғары болса ғана.

Банктің төлем қабілеттілігі – бұл ұйым дер кезінде өз міндеттемелерін толық өтей алу қабілеттілігі. Банк жабдықтаушылар, инвесторлар тағы басқалардың алдында міндеттемелері болмаса төлем қабілетті болып саналады.

Бұл үшін банктің ағымдағы, валюта және басқа шоттарында кез-келген төлемге қажетті ақша қаражаттары болуы тиіс.

Төлем қабілеттілікті сипаттайтын көрсеткіштеріне келесі өтімділік коэффициенттері жатады:

- 1) абсолютті өтімділік коэффициенті;
- 2) аралық өтімділік коэффициенті;
- 3) жалпы өтеу коэффициенті;
- 4) ағымдағы өтімділік коэффициенті.

Абсолютті өтімділік коэффициенті ақша қаражаттары мен жылдам өткізілетін бағалы қағаздардың мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынас ретінде жүргізіледі.

- 1) абсолютті өтімділік коэффициенті

$$K_{\text{абсолютті өтімділік}} = \frac{\text{ақша қаражаттары} + \text{бағалы қағаздар}}{\text{ағымдағы міндеттемелер}} \quad (1)$$

Орындалатын шарт: $K_{\text{абсолютті өтімділік}} \geq 0,2 - 0,5$

Абсолютті өтімділік коэффициенті баланстың қалыптастырылуы жақын уақытта немесе белгілі бір мезгілде қысқа мерзімді міндеттемелердің қай бөлігі өтелетіндігі көрсетіледі. Ол өз кезегінде қысқа мерзімді міндеттемелердің қай бөлігі тез арада өтелуі керек екендігін көрсететін төлем қабілеттіліктің үлкен белгісі.

Аралық өтеу коэффициентіне есеп жүргізу үшін (немесе оның басқаша аталуы: қауіпті өтімділік коэффициенті немесе өтімділіктің дәлме-дәл коэффициенті) ақша қаражаттарының құрамына алдыңғы көреткіштің алымы дебиторлық борыштар мен басқа да активтер қосылады.

2) аралық өтеу коэффициенті:

$$K_{\text{аралық өтеу}} = \frac{\text{ақша қаражаттары} + \text{бағалы қағаздар} + \text{дебиторлық берешек}}{\text{ағымдағы міндеттемелер}} \quad (2)$$

Біз үшін қолайлы мәні: $K_{\text{аралық өтеу}} = 0,7 - 0,8$

3) жалпы өтеу коэффициенті:

$$K_{\text{жалпы өтеу}} = \frac{1 \cdot A + 0,5 \cdot A + 0,3 \cdot A}{1 \cdot П + 0,5 \cdot П + 0,3 \cdot П} \quad (3)$$

Шектік мән: 0,9 - дан кем емес.

4) ағымдағы өтімділік коэффициенті:

$$K_{\text{ағымдағы өтімділік}} = \frac{\text{ағымдағы активтер}}{\text{ағымдағы міндеттемелер}} \quad (4)$$

Біз үшін қолайлы мәні: ≥ 2

Бұны әлемдік тәжірибеде және отандық әдебиеттерде «Нетто айналым капиталы» деп айтады [10].

Қорыта келгенде банк өтімділігін жетілдіру бойынша келесі бағыттарды айтуға болады: сапасыз активтерге және ең алдымен негізсіз несиелік тәуекелдерге, яғни экономиканың нақты секторының қарыз алушыларының онша интенсивті емес құрылымды. Құру мен бағытталған, депозиттерді сақтандыру негізін құрады;

банктердің жеткіліксіз капиталдануын өткерді бұл банктік жүйелердің маңызды проблемасы болып қалып отыр және банктік қадағалаудың негізгі бағыты;

- несиелік саясатты қалыптастыруда оған ықпал ететін сыртқы және ішкі факторларды ескеру (сыртқы факторлар, мемлекет жүргізіп отырған қаржы экономикалық саясат, мысалы, орта және шағын бизнесті қолдау, интеграциялық процесстер, инфляция деңгейі және соған сәйкес ішкі фактор, ол кәсіпринның жалпы қаржылық тұрақтылығы мен тікелей байланысты);

- несиелік саясаттың несиелік процесті басқаруағы ролінің артыруына мән беру;

- банктердегі несиелік портфельды қалыптастыруда несиелік саясаттың басты принциптерін ескеру (ең бастысы қайтарымдылық, қамтамасыз етуішілік, мерзімділік және т.б. қағидалары);

- клиенттердің несиелік қабілетін мен төлем қабілетін анықтауға басты назар аудару (мүмкіндігінше нақты қаржылық есептілік пен басқа да уәкілетті органдардан алынатын құжаттармен есептіліктермен салыстыру);

- тәуекелді әртараптандыру;

- проблемалық несиелермен жұмысты жетілдіру;

- клиенттермен қарым-қатынасты күшейту (қандай да бр несиені қайтара алмау мәселесінде олардың қаржылық жағынан сауықтыруын несиелік келісім-шартты өзгерту арқылы несиені қайтаруға мүмкіндік беру, қарыз алушының қаржылық және шаруашылық жағдайын жақсартуы үшін оған қосымша несиелік ресурс беру немесе өзге шараларды қолдануды көздейді).

Қорыта келе қазіргі әлемдік қаржы дағдарыс жағдайында банк өтімділігін тиімді басқару, дұрыс бағалау және талдау – банк табыстылығының кепілі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Дүйсембаев К.Ш. Қаржы есептілігін талдау: оқулық / К.Ш. Дүйсембаев. – Алматы: Экономика. – 2011. – 348 б.

2 Маркова О.М. Коммерческие банки и их операции / О.М.Маркова, Л.С. Сахарова, В.Н.Сидоров. – М.: Юнити. – 2015. – 457 с.

- 3 Энциклопедиялық сөздік. Орысша – қазақша –ағылшынша. Издательство: Таймас, 2013. – 280 с.
- 4 Экономикалық сөздік. Орысша – қазақша –ағылшынша. Издательство: Таймас, 2011. – 240 с.
- 5 Баланбаев И.Т. Финансовый анализ и планирование хозяйствующего предприятия / И.Т. Баланбаев. – М.: Финансы и статистика, 2012. – 208 с.
- 6 Кондраков Н.П. Бухгалтерский учет, анализ хозяйственной деятельности в условиях рынка / Н.П. Кондраков. – М.: Перспектива, 2009. – 191с.
- 7 Шеремет А.Д. Методика финансового анализа / А.Д. Шеремет, Р.С. Сайфулин. – М.: ИНФРА-М, 2011. – 176 с.
- 8 Артаменко В. Г. Финансовый анализ: учебное пособие / В. Г. Артаменко, М.В.Беллендир. – М.: Издательство «ДИС», НГАЭиУ, 2013. – 128 с.
- 9 Ковалев В.В. Финансовый учет и анализ: концептуальные основы / В.В. Ковалев. – М.: Финансы и статистика, 2014. – 720с.
- 10 Дүйсенбаев К.Ш. Ұйымның қаржылық жағдайын талдау: оқу құралы / К.Ш. Дүйсенбаев, Э.Т. Төлегенов // ҚР Білім және Ғылым министрлігі. – Алматы: Экономика. – 2012. – 330 б.
- 11 МСФО. Москва, «Аскери», 2010
- 12 Демесінов Т.Ж. Қаржылық талдау: оқулық. / Т.Ж. Демесінов. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 320 б

РЕЗЮМЕ

В данной статье изучены теоретические основы ликвидности и платежеспособности банка. На основе исследования предложены меры повышения ликвидности и платежеспособности, а также пути улучшения финансового состояния коммерческих банков.

RESUME

This article studied theoretically basics of liquidity and solvency of the bank. Based on the study proposes measures to increase liquidity and solvency, as well as ways to improve the financial condition of the commercial banks

УДК:331.3:332.135

Б. М. Хусаинов, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент,

И. В. Богдашкина, кандидат педагогических наук, доцент,

М. Е. Исенгалиева, магистр,

А. К. Джафаров, предприниматель

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им.Жангир хана, г.Уральск, Казахстан

ПРИВЛЕЧЕНИЕ КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ НА ПРЕДПРИЯТИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА

Аннотация

В статье рассмотрены научные основы привлечения квалифицированных специалистов для эффективной работы предприятия, исследованы показатели развития кадрового потенциала агропромышленного комплекса.

***Ключевые слова:** привлечение квалифицированных специалистов, кадровый потенциал, человеческий потенциал, динамика численности работников, организационная структура управления, преимущества и недостатки.*